

Технологиялық карта

Білім беру саласы: Таным

Оқу іс-әрекет: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Үй жануарлары мен төлдері»

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті, дидактикалық ойынға қажетті құрал-жабдықтар, үй жануарларының макеті, қораның макеті.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік, топпен жұмыс, ойын, әңгімелеу, сергіту жаттығуы.

Ұйымдастырылған оқу қызметімен байланысты: Қоршаған ортамен таныстыру. Ұнтаспа арқылы үй жануарларының дыбыстарын тыңдау. Қай жануардың дыбысы екенін анықтау.

Оқу іс-әрекеттің түрлері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар алдымен әнұран орындаймыз. Балалар қонақтармен амандасып шаттық шеңберін құрады. Қане, қане тұрайық, үлкен шеңбер құрайық. Құрсақ енді шеңберді, алақанды ұрайық.	Әнұран орындаймыз -Шатық шеңберге тұрып бүгінгі сабаққа келген қонақтармен сәлемдеседі. Шаттық шеңбер: Жарқын, жарқын үніміз, Болашақтың күніміз. Балалық шақ үйінің, Жайнап тұрған гүліміз. Сәлеметсіздер ме қонақтар Қош келдіңіз, бәріңіз.

	Рахмет балалар отырындар.	
Ұйымдастырушы-Ізденуші	Балалар адамдар күнделікті тіршілік етіп сүретін баспанасын қалай айтамыз? -Үй қандай бөліктерден тұрады? -Үй бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? -Төбесі үшбұрышқа,есігі, терезесі және қабырғалары тік төртбұрышқа ұқсайды екен. -Балалар алдымызда тұрған үйдің бөліктерінде жұмбақтар жасырынған екен. Егер сендер жұмбақтың шешуін табатын болсаңдар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде қандай тақырып туралы әңгімелейтінімізді табасыңдар.Үй жануарлары деп үйде ұстайтын жануарларды айтамыз. Оларға мыналар жатады: қой, ешкі,сиыр, түйе, жылқы.Суретке қараңдар, үй жануарлары төлімен жайылып жүр екен. Осы үй жануарларымен, төлдерімен таныс болайық. Қазақ халқының ежелгі кәсібі мал бағу. Ол сауса сүт, сойса ет, кесе киім, мінсе көлік.Халық малды өте қастерлеген. Сондықтан көптеген мақал-мәтел, жұмбақтар,өлеңдер, тыйым сөздер, аңыз әңгімелер айтып кеткен.	-Үй -Шатыр,есік, терезе, үйдің қабырғасынан тұрады. Үй жануарларының суреті бейнеленген

	Үй жануарлары туралы тақпақ өлеңдер айтайық.	Анарбай: Құлын-құлын құлыншақ Желбірейсің тұлымшақ Мандайыңда жұлдызың Құйрығыңда құндызым Ислам: Кіп-кішкене момақан Қошақанды ұнатам Сүйеді апам қозым деп Қошақаным өзім деп Алинұр: Айналайын ботам Қандай күлте жотаң Табандарың жалпақ Теріп жейсің жантақ Нұрсұлтан: Жалт-жұлт етіп лақ Жағалайсың бұлақ Секірем деп, бірақ Қала көрме құлап
	Жұмбақ: Жем-шөп беріп бағамыз, Сүтін сауып аламыз. Сиырдың төлі бұзау. Сиыр жем, шөп жейді, су ішеді. Бұзау сүт емеді. Сиыр сауса сүт, сойса ет, терісінен киім тігеді. Сиырдың пірі- Зеңгі баба. Сиырдың сүтінен қаймақ, айран, сүзбе, құрт, май, ірімшік алынады.	Сиыр
	Кезекті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. Түйенің төлі бота. Түйе тіккен жейді, су ішеді. Ботасы сүт емеді. Түйенің сүтін – шұбат деп атайды. Түйе мінсе көлік, сойса ет, сүті дәрі. Түйенің пірі- Ойсылқара.	Түйе

	Қамыс құлақ, тастаған тұяқ, Мінсе көлік, сүті дәрі, еті ем. Жылқының төлі құлыншақ. Жылқы сұлы, жем жейді. Құлыншақ сүт емеді. Жылқының сүтін – қымыз деп атайды. Жылқы мінсе көлік, сойса ет, сүті дәрі. Жылқының пірі- Қамбар ата. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Қойдың төлі қозы. Қой шөп, жем жейді, су ішеді. Қозы сүт емеді. Қойды сойса ет, терісінен түрлі заттар жасайды. Қойдың пірі- Шопан ата Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар Адам деуге келмейді, Сақалы тағы бар. Ешкінің төлі лақ. Ешкі шөп, жем жейді, су ішеді. Лақ сүт емеді. Ешкіні сойса ет, терісінен түрлі заттар жасайды. Ешкінің пірі- Сексек ата. Үй жануарлары қалай дыбыстайды: Соны атап көрелік. Түйе боздайды: Қой-ешкі маңырайды Жылқы кісінейді. Сиыр мөңірейді. Ал балалар үй жануарлар туралы қандай мақал – мәтел білеміз.	Жылқы Қой Ешкі Бе-бе-бе, бе-бе-бе. Мә-мә-мә, ме-ме-ме. И-и-и, о-о-о. Му-му-му. Мал өсірсең, қой өсір, Өнімі оның көл көсір. Сиырдың сүті – тілінде.
--	--	--

		Ат-адамның қанаты. Даланың көркі мал. Малды баға біл Бабын таба біл.
Билингвалды компонент	Түйе-верблюду, жылқы-лошадь сиыр-корова, қой-овца, ешкі- козы Үй жануарларының төлдерін кім айтады. Түйенің төлі Жылқының төлі Сиырдың төлі Ешкінің төлі Қойдың төлі Үй жануарларын қалай шақырамыз? Қойды пұшайт-пұшайт Ешкіні шөре-шөре Жылқыны құрау-құрау Сиырды әукім-әукім Түйені көс-көс Сергіту сәті: Шаршаған болсаңдар, сергіту жаттығуын жасайық. Үй жануарлары туралы тақпақтар:	Бота Құлын Бұзау Лақ Қозы Балалар тәрбиеші мен бірге қайталайды. 7 лақ биін билеу Дәурен: Мінезім жайлы сиырмын Байлығымын бір үйдің Етім дәмді, сүтім бал Сырымды менің ұғып ал Бексұлтан: Арғымақ тұлпар жылқымын Мақтанымын жұртымның Ерге қанат тұлпар мен Қай түлік келер маған тең Саян: Қой-ешкі бір түлікпіз

	Төлдер туралы тақпақтар:	Бірге өстік еш күдіксіз Еті тәтті, сүті бал Қой-ешкі ең құнды мал Айсұлтан: Ең зор түлік түйемін Тікенді шөпті сүйемін Пайдалансаң сүтім шұбат Дертке дауа, жаңға қуат Нурикамал: М-ә-ә-ә, м-ә-ә деген әні бар Жібек тоны, сәні бар Қошақаным, момақан Сүйкімді бір жануар Адия: М-ө-ө,м-ө-ө деген әні бар Үй маңынан табылар Мөңіреген бұзау Маған үйір жануар Аңсар: М-е-е,м-е-е деген әні бар Байқамасаң жамырап Секеңдеген лағым Тынымсыз бір жануар Аяука: Б-ө-ө,б-ө-ө деген әні бар Енесін тез сағынар Жібек жүнді ботақан Мөлдір көзді жануар Шапағат: Аңыз ғой қымыз бұрыннан Иісі кетпей мұрыннан Дәмі кетпей таңдайдан Жолаушы жолдан бұрылған Айым: Ақ шай ішіп құмардан Шыға алмай, өңі қуарған Қысты күні бір қасық Сүт табылса қуанған Камила:
--	---------------------------------	---

	Балалар енді біз саусақ маторикасын қолдана отырып 3 топқа бөлініп жұмыс жасайық.	Жайылған елден суатты Жұтсаң шырын шұбатты Жадырайды жаның бір Жұтқандай күн шуақты Балалар тапсырманы орындайды.
Рефлексиялық түзетушілік Қорытынды:	Балаларды мақтап, мадақтап бағалау. -Балалар, сендер бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Сендер өте ақылдысыңдар. Жануарлар бізді өзінің сүйкімділігімен, адамға деген достығымен қуантады. Сондықтан үй жануарларына әрқашан қамқорлық жасап жүріңдер. Сабаққа келген қонақтармен қоштасу	Біз ақылды баламыз Айтқан тілді аламыз Бүгінгі келген қонаққа Сау болыңыз деп, айтамыз

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әрбір бала үй жануарларын және оның төлдерін, пайдасын, қажеттілігін білу керек. Оларды бір-бірінен ажырата білу керек.

Игерді:Үй жануарларына деген қызығушылық болу керек.

Меңгерді: Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін қалыптасады. Төлдерді шақыру туралы, тақпақтарды мәнерлеп айту. Үй жануарларын айыру,олардың даусын шығармашылықпен қарайды.